

**Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру
қағидаларын бекіту туралы**
**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 137 бұйрығы**
(2016.30.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық департаменті (Ж.Қ. Шаймарданов):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 137 бұйрығымен бекітілген

**Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру
қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі - ҚБТ) іске асыру мынадай түрлер бойынша жүзеге асырылады: теледидарлық технология, желілік технология және кейс-технология.

3. ҚБТ-ның субъектілері білім алушылар, педагогикалық қызметкерлер және ұйымдар болып табылады.

4. ҚБТ-ын білім беру ұйымдары өз бетінше іске асырады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 5-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ақпараттық-білім беру порталы - ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелік ақпараты бар ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік-ұйымдастырушылық өзара байланысқан жиынтығы;

2) ақпараттық-білім беру ресурсы (бұдан әрі - АБР) - білім беру сипатында қалыптастырылған ой мен білім, әртүрлі деректер, оларды жинақтау, сақтау және ақпараттар көзі мен тұтынушылар арасындағы алмасу әдістері мен құралдары;

3) желілік технология - оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивтік өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізінде оқу процесін әкімшілендіруді қамтитын технология;

4) кейстік технология - қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге) және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология;

5) контент - оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиялар және басқа да маңызды толықтырулар) толықтыру;

6) Қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыратын білім беру ұйымының интернет-ресурсы - білім беру процесінің қатысушылары үшін әкімшілік-академиялық ақпараттары бар интернет-ресурс;

7) қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы - электронды тасымалдағышта оқу материалдарын құру, беру және сақтау технологиясы, оқу процесін ұйымдастыру мен сүйемелдеу ақпараттық-телекоммуникациялық технологиясы;

8) мультимедиа - пайдаланушыға диалогтық режимде әр текті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

9) «on-line» - нақты уақытта ақпаратпен алмасу;

10) «off-line» - еркін уақыттың кеңістігіндегі ақпаратпен алмасу;

11) силлабус - оқу пәнінің қысқаша сипаттамасы бар, оқытылатын пәннің негізгі тақырыптары көрсетілген білім алушыға арналған оқыту бағдарламасы;

12) теледидарлық технология - теледидардың эфирлік, кабельдік және спутниктік желілерін пайдалануға негізделген технология;

13) тестілеу кешені - білім беру процесінің барлық деңгейінде білім алушылардың оқу материалдарын меңгеру дәрежесін анықтау үшін қолданылатын бағдарламалық құрал;

14) Тьютор - білім алушыларға оқытушы оқытатын пәнді меңгеруге көмектесетін тұлға;

15) электронды басылым - бағдарламалық басқару құралы және құжаттамасы бар және кез келген ақпаратты электрондық тасымалдағышта орналастырылған немесе компьютерлік желіде жарияланған цифрлық, мәтіндік, графикалық, аудио, бейне және басқа да ақпараттар жиынтығы.

Электронды оқу басылымы (бұдан әрі - ЭОБ) - оқытуды автоматтандыруға және білімді бақылауға арналған және оқу курсына немесе оның жекелеген бөліктеріне сәйкес келетін, сондай-ақ оқыту траекториясын таңдауға мүмкіндік беретін және әртүрлі оқу жұмысымен қамтамасыз ететін электронды басылым;

16) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі - ЖАОК) - электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

17) аралас оқыту - дәстүрлі күндізгі оқыту нысанында және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып жүргізілетін оқыту технологиясы;

18) жаппай ашық онлайн-курстардың онлайн-платформасы (бұдан әрі - ЖАОК ОП) - таңдалған онлайн-курстар бойынша қашықтықтан оқуға мүмкіндік беретін ашық онлайн-білім беру порталы.

2. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

6. ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында:

- 1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтарымен білім беру порталының;
- 2) телекоммуникациялық желіге шығу мүмкіндігі бар жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар);
- 3) мультимедиалық сыныптардың және электрондық оқу залдарының;
- 4) оқу контентінің;
- 5) тестілеу кешенінің;
- 6) оқытуды басқарудың желілік жүйесінің (Learning Management System - LMS) болуы талап етіледі.

7. ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдары:

- 1) оқытушыларды, тьюторларды қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру бойынша оқытуды ұйымдастырады;
- 2) білім беру ресурстарын әзірлеу және жаңарту үшін педагогикалық қызметкерлерге, профессорлық-оқытушылық құрамға жағдай жасайды;
- 3) білім алушыларға оқу материалын ақпараттық технологиялар немесе қағаз тасымалдағыштар арқылы жеткізеді;
- 4) «on-line» режимінде кеңес беруді ұйымдастырады және өткізеді;
- 5) «off-line» режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады;
- 6) «on-line», «off-line» режимінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылайды;
- 7) аутентификация жүйесі арқылы білім алушылардың тұлғасын сәйкестендіреді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015.05.10. № 587 бұйрығымен 8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8. ҚБТ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде білім алушыларға қолданылады:

- 1) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру базасындағы қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша;
- 2) барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедектер болып табылатын тұлғалар үшін;
- 3) «Болашақ» стипендиаттарын қоспағанда, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде білім алушылардың алмасу бағдарламалары бойынша мемлекет аумағынан тысқары шыққан білім алушылар;
- 4) жоғары білім деңгейінде сырттай оқу түрі бойынша жедел әскери қызметке шақырылғандар;
- 5) жоғары білім деңгейінде ұзақ мерзімді (4 айдан астам) шетелдік іссапардағы тұлғалар;
- 6) мекемеде тиісті техникалық жағдай болса, сотталғандар, колония-қоныстарда (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде) жазасын өтеп жүргендер.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 8-1-тармақпен толықтырылды

8-1. ҚБТ қосымша білім беруге қатысты да пайдаланылады, профессорлық-оқытушылық құрамды қайта даярлау және біліктілігін арттыру, оның ішінде шет тілі бойынша қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

9. ҚБТ, сондай-ақ жоғары оқу орындарының шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде қолданылады.

10. ҚБТ бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алушылар білім беру компоненттерінің, яғни оқу пәндерінің кредиттерін ғана меңгереді.

11. ҚБТ бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылар еркін нысанда білім беру ұйымы басшысының атына растаушы құжаттарды ұсына отырып, оқуда ҚБТ-ын пайдалану мүмкіндігі туралы уәждемелі негіздемелері бар өтініш жазады.

Мүгедек балалар ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарын береді.

12. Өтініш білім беру ұйымының басшысына бес жұмыс күні ішінде қарастырылады. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы білім алушы қолданатын ҚБТ-ын көрсете отырып, үш жұмыс күні ішінде шығарылады.

13. Бұйрыққа:

1) білім алушының өтініші;

2) білім алушылардың жеке оқу жоспарлары;

3) әрбір білім алушының оқу қызметін ұйымдастырудың жеке кестесі;

4) мүгедек балалардың ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымы;

5) егер білім алушы сотталса және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеуге жіберілсе, пениципалды мекеме басшысының келісімі немесе рұқсаты қоса беріледі.

Білім беру ұйымы үш жұмыс күні ішінде білім алушыларды оқытуда ҚБТ-ын қолданылатын оқу процесінің жоспарымен және кестесімен таныстырады.

14. Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында ҚБТ-ын пайдалану арқылы іске асырылатын барлық оқу жоспарларының пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендер болуы керек.

Электронды оқу-әдістемелік кешендерді дайындауды бекітілген оқу жұмыс бағдарламалары бойынша курстың әзірлеушісі жүзеге асырады.

15. Пәннің электрондық оқу-әдістемелік кешені міндетті және қосымша жиынтықтарынан тұрады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 16-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

16. Міндетті жиынтық:

1) пәннің мазмұнын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды, ұсынылатын әдебиеттер (негізгі және қосымша) тізімін, пәндерді модульдерге бөлуді қамтитын силлабустан;

2) дәрістердің электрондық конспектісінен және бейнедәрістерден;

3) практикалық және семинар сабақтарының материалдарынан;

4) студенттің өзіндік жұмысына және студенттің оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардан;

5) аралық бақылауды ұйымдастыру материалдарынан (бақылау жұмыстары, тестілеу тапсырмалары, жеке тапсырмалар);

6) қорытынды бақылауды ұйымдастыру материалдарынан (тестілеу емтихандық тапсырмалар, емтихан сұрақтары, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары);

7) қашықтықтан консультациялар жүргізу кестесінен тұрады.

17. Қосымша жиынтықты білім беру ұйымы дербес анықтайды.

18. ҚБТ-ын енгізетін білім беру ұйымында білім алушылардың деректер базасын (білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау туралы бұйрық, олардың ағымдағы үлгерімдері туралы мәліметтер) қамтитын ақпараттық басқару жүйесі құрылады.

19. ҚБТ-ын іске асыратын білім беру ұйымында ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және техникалық қолдауды жүзеге асыратын арнайы құрылымдық бөлімшелер құрылады.

20. ҚБТ-ын сүйемелдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше оқу процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, ҚБТ-ға байланысты құжаттаманы жүргізеді, оқытушылар мен тьюторлардың біліктілігін арттыруды жоспарлайды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 21-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

21. ҚБТ-ны сүйемелдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше АБР-ді, электронды оқу басылымдарын, мультимедиалық курстарды, әдістемелік құралдарды әзірлеуге, алуға және игеруге консультативтік көмек көрсетеді, білімді бақылаудың тестілеу жүйесіне және басқа да құралдарына әкімшілік етеді, ҚБТ үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану әдістемесін әзірлейді.

22. ҚБТ-ын сүйемелдеуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше қашықтықтан оқытудың бағдарламалық, ақпараттық және техникалық құралдарын әзірлеуге, игеруге және қолдауға белсене қатысады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 23-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

23. ҚБТ бойынша оқыту бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспарлары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының барлық оқу жоспары бойынша жүргізіледі.

24. ҚБТ бойынша оқыту бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспарлары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім мамандықтарының барлық оқу жоспары бойынша жүргізіледі.

25. Оқу жылы академиялық кезендерден тұрады және академиялық күнтізбеге сәйкес аяқталады.

26. Білім беру қызметінің барлық түрлері мыналар арқылы жүзеге асырылады:

1) педагогикалық қызметкердің немесе тьютордың білім алушылармен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана немесе білім беру ұйымында тікелей байланыс орната отырып педагогикалық қатынасы (білім алушының бастамасы бойынша);

2) білім алушының оқыту құралдарымен өзіндік жұмысы (ОӘК, қосымша әдебиет).

27. ҚБТ қашықтықтан оқу сабақтарын «on-line», «off-line» режимінде өткізуге негізделген.

28. «On-line» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекеті процесін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер).

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 29-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

29. «Off-line» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы қатынас асинхронды түрде жүзеге асырылатын (бейнедәрістер, оқытуды басқару жүйесіндегі тапсырмалар, электронды пошта, кейіннен аралық және/немесе қорытынды бақылау тапсыруымен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқудың өзара іс-әрекеті процесін қарастырады.

30. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Үлгерімді ағымдық бақылауды және аралық аттестаттауды өткізуге төмендегілер арқылы рұқсат етіледі:

1) телекоммуникациялық құралдарды пайдаланумен қоса on-line режимінде білім алушы мен оқытушының тікелей қатынасы;

2) автоматтандырылған тестілеу кешендері;

3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру (кейстік технология).

32. Білім беру ұйымы білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау мен аралық бақылауды шектеудің электрондық әдістерін қолдану және тәуелсіз бағалау арқылы рұқсат етілмеген кіру мен жалғандықтан сақталған ақпараттық жүйеде жүргізеді.

33. Білім алушы пән бойынша аралық аттестаттауға оқу жұмыс бағдарламасымен белгіленген барлық бақылау іс-шараларын орындағаннан және тапсырғаннан кейін жіберіледі.

34. Кәсіптік практиканы білім беру ұйымдары мамандықтың ерекшелігіне қарай жүргізеді.

35. ҚБТ бойынша білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің [үлгі ережесіне](#) сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5191 тіркелген).

Сотталған және қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жүрген білім алушыларды қорытынды аттестаттауды мемлекеттік аттестаттау комиссиясы білім алушы тұрған жерге барып жүзеге асырады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен 3-тараумен толықтырылды

3. ЖАОК ұйымдастыру

36. Білім беру ұйымдарында оқыту курсының жоғары деңгейдегі сапасын қамтамасыз ету үшін (әзірлеу, аккредиттеу, білімді бақылау және т.б.) халықаралық тәжірибе (Edx, Coursera, FutureLearn және басқа) негізінде білім алушылардың оқу нәтижелері мен құзыреттерінің сәйкестігін бағалау арқылы ЖАОК жүзеге асырылады.

37. Білім беру ұйымдары онлайн-платформаға орналастырғанға дейін курстарды оқу-әдістемелік сараптау және апробациялау сапасы жүйесін қамтамасыз ететін ЖАОК ұйымдастырады.

38. Онлайн-платформадағы бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптар:

1) оқыту нәтижелерін бағалауға байланысты іс-шараларды өткізу кезінде тұлғаны сәйкестендіру (қорытынды бағалауды қалыптастыруда тұлғаны сәйкестендіруге байланысты іс-шаралардың үлесі кемінде 30%-ды құрауы қажет). Тұлғаны сәйкестендіру үшін мынадай технологиялар қолданылады:

пернетақтада мәтінді терудің бірегей үлгісі (символдарды теру жылдамдығын тексеретін бағдарлама, пернетақтадағы пернелерді басу, пернелер комбинациялары арасындағы кідіру (пернетақтадағы әріптерді іздеуге байланысты) уақыты, ритімдік теру);

сертификаттау орталықтары (өту барысында тұлғаны сәйкестендіруді және іс-шараның өту жағдайын бақылауды қамтамасыз ететін ұйым ұсынатын жұмыс орындарында іс-шаралар өткізу);

онлайн-прокторинг (камераларды және білім алушы жұмыс жасап отырған құрылғының экранын трансляциялау құралдарын пайдалана отырып, іс-шаралар барысында білім алушыларды қашықтықтан бақылау);

биометриялық технология (тұлғаны сәйкестендірудің және іс-шараның өту жағдайларын бақылаудың автоматтандырылған құралдарын пайдалану);

2) курсты аяқтағаны туралы берілген сертификат негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы ақпаратқа қол жеткізіледі (білім алушының сертификатында не есептік жазбасының астында көрсетілген сілтеме бойынша).

39. Барлық бақылау тапсырмалары мен қорытынды емтихандарды тапсырған онлайн-курстардағы тыңдаушыларға осы бұйрыққа [1-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша тиісті сертификаттар беріледі.

40. Сертификаттың мазмұны:

1) сертификат берілген білім алушының жеке басын біркелкі сәйкестендіру қамтамасыз етіледі;

2) сертификатта оның жоғары оқу орнының онлайн-платформасымен қауымдастырылған Интернет желісінде, доменде орналасқан электронды нұсқасына сілтеме болады;

3) сертификатта оқу нәтижелерін меңгеру деңгейі туралы (бағалау өлшемшарттары, оқу жоспары немесе басқа да деректер курс туралы ақпаратта, не тікелей сертификатта немесе электронды нұсқасында жазылады) ақпарат қамтылады.

41. ЖОО (кеңес) бекіткен тізбеге кіретін онлайн-курста оқу нәтижесін растайтын сертификат болған жағдайда, білім алушы оқыған пәнін ағымдағы немесе алдағы академиялық оқу кезеңіне жоспарланған жеке оқу жоспарына қосуға үміттенеді.

42. Қазақстан Республикасының ЖОО-лары әзірлеген ашық онлайн-курстарды меңгеру нәтижелерін сынау тәртібі мен шарттары, қайта сынақтан өтуге/ қайта аттестаттауға жіберілген ашық онлайн-курстар бойынша онлайн-платформаларда оқу нәтижелеріне қойылатын талаптар ЖОО-лар арасындағы білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы жөніндегі келісім шеңберінде іске асырылады.

43. ЖАОК бойынша білім алушылардың оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын айқындау мынадай негізде жүзеге асырылады:

1) онлайн-платформада білім алушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын бағалау кезінде кредиттерді аударудың және жинақтаудың еуропалық жүйесі (ECTS - The European Credit Transfer System) пайдаланылады;

2) онлайн-курстарды қайта есептеу кезінде берілген сертификатта көрсетілген кредиттер санын, сынақ бірліктерін немесе академиялық сағаттарды оларды білім алушының таңдаған ағымдағы немесе алдағы академиялық оқу кезеңіндегі мамандықтың оқу жоспарлары мен жеке оқу жоспарларына енгізілген оқу пәндерімен қатаң сәйкестікте қайта есепке алып жазылады;

3) аралас оқыту технологиясын іске асыру кезінде онлайн-курстар бойынша кредиттер санын қайта есептеу қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, пәннің құрылымына бекітілген пропорционал арақатынасы шеңберінде жүзеге асырылады;

4) кредитті қайта есептеу ЖОО-ның оқу-әдістемелік комиссиясы айқындайды және ЖОО-ның корпоративті порталында (сайтында) ашық түрде жарияланады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016.30.05. № 343 бұйрығымен қосымшамен толықтырылды

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 137 бұйрығына қосымша

ЖОО атауы Мекен-жайы e-mail Телефон	Наименование вуза Адрес e-mail Телефон
<h1>СЕРТИФИКАТ</h1>	
Осы сертификат, <hr/> <small>(Аты-жаны)</small>	Настоящим подтверждает, что <hr/> <small>(Ф.И.О)</small>
<small>(Форматы, тематика)</small> тақырыбында _____ кредит көлемінде курс өткенін растайды.	<small>(Форматы курс)</small> прошес(ла) курс на тему: <hr/> <small>(Форматы курс)</small> в объеме _____ кредитов.
Проректор _____ / _____ / М.О. «_____» _____ жыл Тіркеу нөмірі № _____	Проректор _____ / _____ / М.П. «_____» _____ года Регистрационный номер № _____